

**ТАРИХТЫ ЕСКЕ АЛУ НЕМЕСЕ АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ  
ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР****Н. АБДУВАЛИТОВ,***PhD, доцент**Низами атындағы ТМПУ***А. МЕДЕНОВА,***Қазақ тілі және әдебиеті білім бағыты 4-курс студенті***DOI:** <https://doi.org/10.5281/zenodo.15256952>

Күні кеше жеке компьютерімнің ішін ақтара отырып, осыдан дәл он екі жыл бұрын абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметовпен кездесу өткен фото нұсқаларды тауып алдым. Бар-жоғы кішігірім аудиторияда өткізілген кездесу екі сағатқа созылған еді. Сол кезде Мекемтас ағайдың әрбір айтқан сөзі әрбір тыңдарманды ойға жетелеп, көңілінен орын алған болса керек. Жаны жайсаң адамдармен сұқбаттасқанда немесе сұқбатын тыңдағанда ішкі жан сарайың ашылады деген рас екен. Одан соң мен YouTube арнасынан Мекемтас ағаймен түсірілген сұқбаттарды үзбей тыңдап келдім. Жуырда бір шәкіртім телеграмнан Мекемтас ағаймен түсірілген видеоролик жіберді. Берген сұқбаттарында Мекемтас ағайдың әркез айтатын мына сөзі бар: «Абайды өмір бойы зерттесем де, түсіне алмадым». Осы білдірілген пікірден соң шәкірт бірнеше сұрақтар қойды:

**Сұрақ:** Бір өмір Абайды зерттеген ғалым осылай айтып тұрса, онда біз жай ғана Абай деген есім бар екенін ғана біледі екенбіз, иә?

**Жауап:** Иә, бірақ мынаны айтқым келеді. Абайды әркім өз деңгейінде біледі, өз деңгейінде қабылдайды. Абай – тұңғық әлем, оның шығармашылығы мен ойшылдығы әр адамға әркімге әсер етеді. Біреу оны ұлы ақын деп таниды, біреу философ ретінде қабылдайды, енді біреу ұлт ұстазы ретінде көреді. Бірақ Абайды тек жаттап алу немесе оның өмірбаянын білу оны түсіну деген сөз емес. Абайды оқу – бір бөлек, оны сезіну, түйсіну – мүлде басқа. Ол терең ойдың, биік парасаттың иесі. Әрбір өлеңінде, әрбір қара сөзінде тұтас бір ғұмырдың тәжірибесі мен халықтың тағдыры жатыр. Сондықтан да оны әр оқыған сайын жаңа бір қырын ашамыз, жаңа бір сырын түсінеміз.

**Сұрақ:** Демек, біз Абайды өз деңгейімізде біршама білеміз бе?

**Жауап:** Егер ілімді ішкі және сыртқы деп бөлсек, онда біз Абай туралы сыртқы ілімге иеміз. Біз оның өмір жолын, шығармаларын, тіпті кейбір терең ойларын да зерттей аламыз. Бірақ бұл – сыртқы таным. Ал Абайды шын тану үшін ішкі ілім керек. Ішкі ілім дегеніміз бұл – Абайды тек ақылмен емес,



жүрекпен сезіну. Ол – Абайды оқып қана қоймай, оның сөздерін өз болмысыңа сіңіру. Абайдың «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» дегенін ұғыну үшін, бұл үш қасиетті өз бойыңда тәрбиелеу қажет. Бұл – сырттан келетін білім емес, іштен оянатын таным.

**Сұрақ:** Сонда біз Абайды 5-сыныптан, 11-сыныпқа дейін, одан қалса жоғары оқу орнында тағы төрт жыл оқысақ та толық танымадық дейсіз бе?

**Жауап:** Таныдық деуге бола ма? Біз Абайдың бейнесін жасай аламыз, бірақ оның рухын сезіне алдық па? Біз оның қара сөздерін жатқа айтуымыз мүмкін, бірақ сол сөздер біздің жанымыздың айнасына айналды ма? Біз оны оқыдық, бірақ өзімізді өзгерттік пе? Егер Абайды тану деген осы болса, онда біз әлі де оның есігін ғана қағып тұрмыз. Абайды танудың өз жолы бар. Ол жол әркімнің өз жүрегінде. Абай ілімі сырттан үйретілмейді, ол жүректе ашылады. Бұл үшін Абайды оқып қана қоймай, оның сұрақтарына өз өмірімізден жауап іздеуіміз керек. Оның «адам бол» деген сөзі біз үшін жай сөз емес, өмірлік бағдар болуы тиіс. Егер біз Абайды шын тануға ұмтылсақ, онда ең алдымен көңілімізге тоқуымыз керек.

**Сұрақ:** Абайды зерттеуге бүкіл саналы ғұмырын арнаған ғалым оны толық түсіне алмаса, біз қарапайым оқырман Абайдың әлеміне қалай бойлай аламыз? Бізге оның ойларын шынайы ұғыну үшін не істеу керек?

**Жауап:** Абайдың даналығына бойлау терең теңізге сүңгігенмен бірдей. Оны бір қарағанда түсінікті деп ойлап, үстірт оқу шын мәнінде, Абайды түсінбеудің белгісі. Мекемтас Мырзахметов сынды ғалымның өзі оны толық меңгермедім деуі – Абайдың ой тереңдігінің, философиясының, адамзаттық биік көзқарасының дәлелі. Қарапайым оқырман Абайды түсіну үшін, ең алдымен, Абайды оқудың мәдениетін қалыптастыруы керек. Оны жай сөздер жиынтығы ретінде емес, әрбір шумағын, әрбір қара сөзін саралап оқу қажет. «Бұл өлең не айтады?» деп емес, «Мен осы өлеңнен не түйдім?» деп сұрау маңызды. Абай – адам жанының айнасы. Оның өлеңдері мен қара сөздерін оқу арқылы біз өз-өзімізді танимыз, ішкі жан-дүниемізді зерттейміз. Ол өз заманында қазақ қоғамын сынап, оның болашағына алаңдады. Сол түйткілдердің көбі әлі де өзекті. Абайдың ішкі әлеміне жақындау үшін оның шығармаларынан өз өмірімізге қатысты ойларды іздеуіміз керек. Ең бастысы, Абайды оқу – бір реттік міндет емес. Оған үнемі оралып, әр жаста, әр кезеңде қайта оқу керек. Өйткені Абай – әр буынның санасы жетілген сайын жаңаша ашылатын ғажайып бір әлем.

**Сұрақ:** Абайды оқу оны тану деген сөз бе? Әлде Абайды оқу – оған жақындаудың ғана алғашқы баспалдағы ма?



**Жауап:** Абайды оқу теңіз жағасына барып, оның ұшы-қиыры жоқ тұңғиығына көз тастау. Ал оны тану сол теңізге сүңгіп, тереңіндегі асыл тастарды, сөз маржандарын тауып ала білу. Демек, Абайды бір рет оқыдым деп, оны толық түсіндім деу кішкене көлді көріп, бүкіл мұхиттың сырын аштым деумен тең. Абай – тек ақын емес, ол – ойшыл, ол – философ, ол – дала данышпаны. Оның әрбір өлеңі, әрбір қара сөзі ғасырлар бойы ескірмейтін, адамзат жанын емдейтін шығармалар. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген бір ғана жолының астарында қанша мән бар! Абай бізге өз жолымызды табуды, өз орнымызды бекемдеуді өсиет етеді. Бірақ сол орынды табу үшін өзімізді тануымыз керек. Абайды оқу – өзінді тану, ал өзінді тану – өмірдің мәнін ұғуға ұмтылу. Сондықтан Абайдың кітаптарын парақтау – оның есігін қағу ғана. Ал ол есіктен кіріп, оның әлеміне терең бойлау үшін жүрек көзіңді ашып, әр сөзін көңілге тоқу қажет. Сонда ғана Абайдың сырлы дүниесі бізге ақырындап ашыла бастайды.

**Сұрақ:** Абайдың шығармаларын оқыған сайын, біз жаңа бір мағына табамыз. Бұл Абайдың даналығының шексіздігінен бе, әлде біздің оны түсіну деңгейіміздің өзгеруінен бе?

**Жауап:** Абайды әр оқыған сайын жаңаша түсінуіміз оның даналығының тереңдігінен ғана емес, біздің өзіміздің де өзгеруімізден. Жас бала Абайды оқыса, оның жастық шақ, талап пен еңбек туралы өлеңдеріне сүйсінеді. Есейгенде Абайдың адамгершілік, әділет, махаббат туралы ойларына мән береді. Ал өмірдің сан соқпағын көрген адам үшін Абайдың әрбір сөзі өмір тәжірибесімен астасып, шынайы мағынасына жақындай бастайды. Бұл Абайдың мәңгілік болмысы. Ол бір дәуірдің емес, барша заманның ақыны. Оны оқыған сайын жаңа сырды ашуымыз біздің өз ішкі әлеміміздің өзгеруінен. Сондықтан Абайды оқудан жалықпауымыз қажет.

Осындай сұқбаттан кейін мынадай ой түйетін сияқтысың бүкіл ғұмырын Абайды тануға арнаған адам Абайдың сыртқы және ішкі әлемін түсінбесе, ал біз болсақ Абайдың кітаптары қолымызға түскенде-ақ оқитын, шынын айтсақ көз жүгіртіп қана оқитын оқырман ретінде Абайдың ішкі әлемі былай тұрсын, сыртқы әлемін қаншалықты біледі, таниды екенбіз. Ғалым Мекемтас Мыразхметовтың Абайтануға арнап жазған еңбектері бізді Абайдың сыртқы әлемімен бірге ішкі әлемін түсінуге, түйсінуге көмек береді. Жалпы айтқанда біз Абайға жақындай түсеміз.

Сондықтанда әрбір қазақ Абайды оқуы әрі парыз әрі міндетті.



**Пайдаланылган адабиеттер:**

1. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
2. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> [editor@ijmmu.com](mailto:editor@ijmmu.com) ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
3. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
4. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
5. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
6. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

